



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

от «___» _____ 20__ года

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

№ 288 от 22.07.2020

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
акционерлік қоғамының 2019 жылға
арналған жылдық қаржылық есептілігін
бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Центраудит-Қазақстан» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» ЖШС тәуелсіз аудиторының есебіне, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 6 шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № КГИП-01-КГ/452-И хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2019 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамның Президенті:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізетін ұйымға жолдауды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесін және Қоғамның 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық есебін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бірінші вице-министр

А. Сарбасов

Согласовано

20.07.2020 17:07 Имангалиева Бибигуль

20.07.2020 17:29 Мынбаев Бахытжан Бердалиевич

20.07.2020 17:35 Жансейтов Женис Жанибекович

20.07.2020 18:51 Қабыкенқызы Айман -

21.07.2020 09:51 Парсегова Анжелика

21.07.2020 11:58 Таурбаева Айнура Александровна

Подписано

22.07.2020 11:20 Сарбасов Акмади Адилевич